

Бекітемін:

Мектеп директорының м.а.Г.Е.Жатаева

« » ----- 2022 ЖЫЛ

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шал ақын ауданы
әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Бірлік негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

2022-2023 оқу жылына арналған оқу тәрбие жоспары

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарының мазмұны

1.бөлім 2020-2021 оқу жылына арналған мектептің жұмысын талдау.

2. бөлім«Білім беру бойынша нормативтік құжаттарды жүзеге асыруға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру».

2.1. 2022-2023 оқу жылына арналған жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары

2.2 2022-2023 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңын іске асыру жоспары

2.3. 2022-2023 оқу жылына арналған«Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

2.4.ОТП қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары

2.5. Инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

3. бөлім Педагогикалық құраммен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестация

3.1. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық құрамның жұмыс ЖОСПАРЫ

3.2 2022-2023 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің курстық дайындық БОЛАШАҚ ЖОСПАРЫ

3.3 2021-2022 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің аттестация БОЛАШАҚ ЖОСПАРЫ

4. бөлім «Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру»

4.1. Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың ЖОСПАРЫ.

4.2. Педагогикалық ұжымның міндеттері

4.3. 2022-2023 оқу жылының апталықтар өткізу ЖОСПАРЫ

4.4. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс ЖОСПАРЫ

4.5. 2022-2023 оқу жылына арналған мектеп әдістемелік кеңесінің ЖОСПАРЫ

4.6. ЖММ жұмыс жоспары

4.7. 2022-2023 оқу жылына кітапхана жұмысының жоспары

5.бөлім «Білім беру процесін психологиялық қолдауды ұйымдастыру»

6. бөлім «Мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастыру»

6.1. 2022-2023 оқу жылына мектептің оқушылармен және ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жоспары

6.2. Ата-аналар жиналысын өткізу жоспары

6.3. Сынып сағаттарының тақырыбы мен өткізу жоспары

6.4. Сынып жетекшілерінің ӘБ отырысы жоспары

6.5 Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары

6.6. Діни экстремизмнің алдын алу жоспары

7. бөлім «МІБ мектепті басқару және ұйымдастыру»

7.1 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің циклограммасы

7.2. 2022-2023 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

7.3. 2022-2023 оқу жылына арналған басшы жанындағы отырыс жоспары

7.4. 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің қамқоршылар кеңесі отырысының жоспары

7.5. 2022-2023 оқу жылының аяқталуы бойынша іс-шаралар

7.6. МІБ жоспары

1.бөлім 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмысын талдау.

Толық атауы: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бірлік негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік тіркеу нөмірі № KZ84LAA00021193 01.02.2021 жыл Жер пайдаланушының актісі: 2008 жылғы 21 қараша № 0660198, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 15-228-007-016 Мектептің заңды мекенжайы: 151307, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Приишим ауылдық округі, Бірлік ауылы, Учительская көшесі 28 үй, телефон – 8-715-34-5-20-18,

Электрондық пошта мекенжайы: jako1390@mail.ru. Ішкі тәртіп ережелері әзірленді және бекітілді (көшірмесі қоса беріледі – **PDF №5**).

Жобалық қуаттылығы: 60 орын.

Мектеп Бірлік ауылы, Учительская 28 үй бойынша орналасқан. Оқу-тәрбие үдерісі жалпы ауданы 434,8 ш.м. ғимаратта ұйымдастырылған, бастауыш сынып оқушылары үшін 2 кабинет, орта буын оқушылары үшін 3 пән кабинеті жабдықталған.

Мектепте 1 спорт залы - 52,0 ш. м; кітапхана -10,0 ш. м;. асхана -34,6 ш. м. құрайды.

Қазіргі уақытта мектептің техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

Мектептің негізгі мақсаты – Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру мақсатында білім беру қызметін жүзеге асыру, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеу, мамандықты саналы таңдау және игеру үшін негіз құру.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: Оқу тәрбие үрдісіне жаңаша мазмұн беру арқылы бүгінгі күн талабына сай тәрбиелі де білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Мақсаты: Білім берудің тиімді технологияларын оқу үрдісіне енгізу және мұғалімдердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлғаны қалыптасытру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту;
- Баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасай отыра, жеке тұлғаны қалыптастыру;
- Білім беру сапасын көтеру;
- Оқушылардың ғылыми жоба сайыстарына, пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуы арқылы дарынды тұлғаны дамыту;
- Білім беру мазмұнын жетілдіру мақсатында материалдық-техникалық базаны жақсарту;

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі-білімді, бәсекеге қабілетті, функционалдық сауатты, алған білімін шынайы өмірде өзін-өзі жүзеге асыруға қолдана білетін тұлғаны тәрбиелеу. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру — бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау арқылы өзін-өзі таныған, ақыл-ойын жан-жақты дамытқан өзіндік "Мендік" пікірі қалыптасқан оқушы тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттер жүктейді. Мектептің оқу-тәрбие жоспары да осы мақсаттарды іске асыруға бағытталған.

Мекеменің жұмыс уақыты

2021-2022 оқу жылында мектепте 5 күндік оқу аптасы болды. Мектепте сабақ екі ауысымда жүргізілді. Оқу процесін ұйымдастыру оқу жоспарымен және сабақ кестесімен реттеледі.

Қорытынды: Оқу жоспары санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай, апталық оқу жүктемесімен сәйкес жасалып, бекітілді. Сабақ кестесі апталық оқу жүктемесіне негізделе отырып, Санпиннің қиындығы бойынша бағалау кестесіне сәйкес жасалды.

Оқу жылында мектепте 8 сынып, 4 сынып-жиынтығы болды.

Жыл басында – 19 оқушы, оқу жылы аяғында – 17 оқушы, яғни оқу жылында келген оқушы болған жоқ, қоныс аударуына байланысты 2 оқушы кетті. Бастауыш сыныпта-10 оқушы, орта буында 7 оқушы білім алды.

Бірінші сыныпқа келген – 2 оқушы, мектепалды даярлық сыныбына 4 оқушы білім алды.



Қорытынды: Жалпы білім пәндері бойынша оқу бағдарламалары орындалды, барлық оқушылар жалпы білім пәндерінен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша бағаланды. Жыл қорытындысы бойынша білім сапасы - 78%, үлгерім -94%, үздіктер саны -2 оқушы, екпінділер саны – 9, үлгермеуші саны- 1 оқушы.

Мектеп өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Заңдарына сәйкес жүзеге асырады және оқу процесін мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- "Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы,
- "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы (2020 жылғы 27 қарашадағы №496 өзгерістер мен толықтыруларымен);
- "Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы № 286 бұйрығы);
- "ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы);
- "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 Бұйрығы (өзг. 21.09.2018 № 477);
- "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (өзг. 29.12.2017 № 662 толықтыруларымен);
- "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы", білім беру бағдарламалары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және білім беру мен ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілердің білім беру бағдарламалары" (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);
- "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысанын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);
- "Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру бойынша Әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы);
- "Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы (ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы);

- "Өзгерістер енгізу туралы бұйрығына, ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 "педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 02.04.2020 жылғы №125 бұйрығы);
- "Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" (ҚР БҒМ 15.04.2020 жылғы №145 бұйрығы);
- "Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы"(ҚР БҒМ 21.04.2020 жылғы № 153 бұйрығы);
- "Педагогикалық қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 17.03.2020 жылғы №110 бұйрығы);
- "Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы"(ҚР БҒМ 24.04.2020 жылғы № 160 бұйрығы);
- "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " (ҚР БҒМ 30.04.2020 жылғы №169 бұйрығы);
- "Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" (ҚР БҒМ 11.05.2020 жылғы №190 Бұйрығы);
- "Педагогтердің біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 11.05.2020 жылғы №192 бұйрығы);
- ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (ҚР ӘМ-де 6.08-де №23890 болып тіркелді). 2021 Ж.) және мекеме Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектептің іс қағаздарын жүргізу Нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 16.09.2021 жылғы № 472 бұйрығына сәйкес «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шал ақын ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бірлік негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

26.12.2022 ж. № 01-13 бекіткен істер номенклатурасымен келесі құжаттар жүргізілуде:

- негізгі қызмет бойынша бұйрықтар кітабы;
- педагогтердің жеке құрамы бойынша бұйрықтар кітабы;
- оқушылардың жеке құрамы бойынша бұйрықтар кітабы;
- білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабы;
- мақтау қағаздарын және мақтау грамоталарын беруді есепке алу кітабы;
- жеке еңбек шарты;
- жеке еңбек шарттарын тіркеу журналы;
- еңбек кітапшалары;
- еңбек кітапшаларын қабылдау мен беруді тіркеу журналы;

- сабақ кестесі;
- жұмыс жоспарлары;
- педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес отырыстарының хаттамалары;
- аттестат бланкілерін есепке алу және беру кітабы:

Оқушылар контингенті бойынша бұйрықтар кітабы нөмірленген және тігілген. Жыл бойына оқушылардың қозғалысын ескере отырып, оқушылардың сандық құрамы сынып журналдарындағы оқушылардың тізімімен сәйкес келеді. Әрбір кеткен балаға ата-анасының өтініші және басқа мектепке келгені туралы растау талоны бар.

Оқушыларды қабылдау, ауыстыру және қайта қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқушылардың жеке істері қағаздары бар және толық.

Медициналық кабинет бар.

1985 жылы СҚО «Петропавл медициналық колледжін "акушер" мамандығы бойынша бітірген. Еңбек өтілі- 37 жыл.

Мектеп медициналық қызметті "Шал ақын ауданық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бақылауымен 2013 жылғы 26 қарашада берген сериясы № 01123DT мемлекеттік лицензияға сәйкес жүргізеді (лицензияның көшірмесі қоса беріледі – [PDF №6](#)).

Барлық педагогтердің, медицина қызметкерлерінің жұмысқа рұқсаты бар санитарлық кітапшалары бар. Әр оқушыға медициналық карта және "баланың денсаулық паспорты" бар.

Мектеп оқушылары толығымен ЖШС «Асыл -Логистик» демеушілерінің қолдауымен тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Мектептің әдістемелік жұмысы

Мектептің әдістемелік жұмысы 2021-2022 оқу жылына қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырылды:

1. МЖМБС (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру), «Білім туралы» Заңы, нұсқаулық-әдістемелік хат) енгізу жұмыстары;
2. Білім сапасын бағалау жүйесін жетілдіру;
3. Білім беру жүйесінің педагогикалық әлеуетін дамыту;
4. Мұғалімдерге әдістемелік көмек және қолдау көрсету;
5. Педагогикалық кадрларды аттестаттаудан өткізу;
6. Дарынды балалармен жұмыс;
7. Тұлғаға бағытталған, дамытушы, денсаулық сақтау жүйесін технологиялар мектебінің педагогикалық жүйесі арқылы әзірлеу және енгізу.

1. Оқу іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру Оқу жылына арналған мектепшілік жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарылды.

Төмендегідей нормативтік-ақпараттық құжаттар негізінде жұмыс жүргізілді. Ағымдағы оқу жылында педагогикалық ұжымның жоғарыда аталған мектеп тақырыбы бойынша жұмыс істеу барысында төмендегідей міндеттер шешілді:

1. Пәндер бойынша білім негізін салатын, білім стандарттарын игеру деңгейін қамтамасыз ететін оқу жоспары құрылып, бекітілді.
2. Педагогикалық шығармашылықты дамыту және түрлі бастамаларды іске асыру мақсатында мектебімізде әдістемелік жүйе қалыптасты.
3. Жаңа білім беру технологияларын игеру арқылы педагогикалық шеберлікті көтеру әдістері жетілдірілді.
4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша пәндік әдістемелік бірлестік жұмысы белсенді жүргізілді, сабақтың дәстүрлі емес түрлерін дайындау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бақылау технологиялары жетілдірілді.
5. Білім беру үрдісінің мониторинг және диагностика жүйесі, кәсіби құзырлық және педагогтерді әдістемелік дайындау деңгейі жалғасын тапты.
6. Сабақтарда тест қолданып, қосымша сабақтар ұйымдастырылды.
7. Жекелей оқытуды қолдану жолдарымен оқытудың сапасы жетілдірілді.
8. Пәндік және кәсіби білім бойынша жеке тақырыптар мен бағдарлама бөлімдері оқытылып, тақырыптық жоспарлар талқыланды.
9. Пән және әдістеме апталықтары, жалпы білім беру пәндері бойынша байқаулар мен олимпиадалар өткізілді.
10. Ашық сабақтарды ұйымдастыру және оларға қатысу жолға қойылды.

11. Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мақсаты әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтарының негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу; екіншіден жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпал тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді қамтиды. Осындай құжаттар негізінде жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін де берді.

Өткізілген жұмыс оқушылардың сапалы дайындықтарының нәтижесін алуға, олардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу жылының басында мұғалімдердің есептері жүргізіліп, мектеп курсы бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында оқушылардың жеке істері сарапталып, сабақ кестесі, сыныптан тыс және үйірме сабақтарының кестесі жасалды.

Бұл бағыттағы жұмыстардың тиімді түрлерінің бірі мұғалімдермен әдістемелік тәжірибе алмасулар болып табылады.

Тәжірибе алмасу жұмыстарында келесі мәселелер қарастырылды: үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс; мектеп құжаттамасымен жұмыс; «Күнделік» журналымен жұмыс мониторингін талдау; ата-ана аудиториясымен ынтымақтастық; курстық және кәсіптік қайта даярлаудан өту арқылы мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру, білім сапасы, нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар берілді; педагогикалық тәжірибе алмасу.

Мектеп мұғалімдерінің ашық сабақтарына, сыныптан тыс іс-шараларына бару кезінде оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұнына сәйкес сабақтардың барлық түрлерін өткізудің қанағаттанарлық әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету байқалды. Ашық сабақтардың мақсаты:

- тәжірибе алмасу;
- сабаққа қатысатын жас оқытушылар мен әріптестердің біліктілігін арттыру;
- мұғалімнің өзінің кәсіби дамуына ұмтылуы;
- Сабақта белсенді әдістер мен тәсілдерді қолдану.

Ашық сабақтар кестесі

№	Пәндер	Сынып	Тақырыбы	Мұғалім
	Сауат ашу	1	«Ққ дыбысы мен әрпі»	Хамитова Ж.З.
1	Математика	2	Жүздіктерді қосу және азайту	Касымова К.Б
2	Қазақ тілі	4	Түбір мен қосымшаның жазылуы	Жатаева Г.Е.
3	Орыс тілі	5	Мы разные, но мы вместе	Сейдахметова А.С.
4	Алгебра	7	Қысқаша көбейту формулалары	Кабдулкалыков Ж.М.
8	Қазақстан тарихы	6	Қазақстан аумағындағы ұлыстардың құрылуы	Мусин С.Ж.
9	Қазақ тілі	8	Мамандық таңдау маңызды іс	Ақпарова Б.В.
10	Математика	5	Ондық бөлшекті натурал сан,а көбейту	Кабдулкалыков Ж.М.
13	Ағылшын тілі	5	«Home and garden 1»	Айтпаева С.К.
14	Биология	8	«Тірек қимыл жүйесі»	Баязиев Ж.К.
15	Дене шынықтыру	6	Қауіпсіздік ережесі. Ойын кезінде допты иелену	Абилев Қ.Ж. Шукенов Н.К.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушыға бағытталған сабақты ұйымдастыру және өткізу талаптарын орындауға, өзіндік талдау мен сабақтарды талдауға ерекше көңіл бөлінді. Оқушылардың жауаптары олардың оқытылатын материалдың мазмұнын түсінгендігін, алған білімдерін тапсырмаларды орындау кезінде жаңа жағдайда қолдана білуін дәлелдейді. Сабақ барысында алға қойылған мақсаттар орындалды.

Пәндер апталығы

№	Пәндер апталығының атауы	Тақырбы	Жауапты
1	Тілдер онкүндігі	«Тіл білу, тарихты тану, қоғамға араласу-жасампаз елдің жастарының жалауы»	Ақпарова Б.В.
2	Дене шынықтыру пәні апталығы	«Ұлттық ойындар сайысы»	Шукенов Н.К.
3	Тарих және география пәндері апталығы	«Тарих әлеміне саяхат»	Мусин С.Ж..
4	Химия және биология пәндерінің апталығы	«Жаратылыстану пәндерінің әлемінде»	Баязиев Ж.К..

5	Өзін-өзі тану пәні апталығы	«Өзің-өзі тану; Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы»	Ақпарова Б.В.
6	Бастауыш сыныптар	« XXI- ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры! »	Касымова К.Б.
7	Математика , физика, информатика пәндерінің апталығы	«Сандар әлеміне саяхат»	Кабдулкалыков Ж.М.

Факультативтік курстар мен үйірмелер кестесі

Р/с	Факультатив атауы	Сыныбы	Күні	Уақыты	Мұғалімнің аты-жөні, әкесінің аты
1	Қызықты математика	1-4-сынып	Дүйсенбі	10 ⁰⁰	Тажахметова А.А.
2	Экология	5-8сынып	Сәрсенбі	11 ⁰⁰	Бейсенбаев С.Е.
3	Сындарлы ойлау және эмоционалды интеллект	5-8-сынып	Жұма	10 ⁰⁰	Мусин С.Ж.

Қорытындылар:

1. Жалпы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бекітілген жоспар бойынша жүргізілді.
2. Сабақтардың тұрақты кестесі санитарлық-эпидемиологиялық қажетті талаптарды сақтай отырып, құрастырылды.
3. Әдістемелік кеңестердің отырыстарында оқу-тәрбие процесінің сапалық көрсеткіштеріне байланысты қажетті және маңызды мәселелер қаралды.
4. Мұғалімдер қайта даярлау курсы белгіленген мерзімде өтті.

Ұсыныстар:

1. Директордың оқу ісінің орынбасары мұғалімдердің диагностикалық карталарын, мұғалімдер сауалнамасын талдау барысында мұғалімдерге дер кезінде әдістемелік көмек көрсетіп отыру;
- Мұғалімдер сабақ беруде оқушылардың өзін-өзі ұстау мәдениеті мәселелеріне көбірек көңіл бөлуі, оларды оқу пәндерін саналы

**Әлеуметтік педагогтың 2021-2022 оқу жылына
талдамалық есебі**

Жыл бойы қыркүйек айында 2021-2022 оқу жылына құрылған әлеуметтік ұстаздың жоспары бойынша жұмыстар жүргізілді. Әр сыныптың және мектептің әлеуметтік паспорты дайындалды. Сондай-ақ оқушылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу актілері толтырылды.

Мектеп бойынша оқу жылы басында 19 оқушы болды. І тоқсаннан кейін 2 оқушы басқа мектепке ауысуына байланысты 17 оқушы қалды.

Көпбалалы отбасы-3

Ата-анасынан бөлек тұратын балалар- 3

Дарынды балалар саны -5

Инвалид бала -1

ЕБҚ (ООП) -1

Толық емес отбасы -1.

Мектеп бойынша есепте тұрған оқушы жоқ.

Р/с	Іс-шара атауы	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты
1.	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу	Сауалнама алып, сараптама жасау	13.09	Әлеуметтік ұстаз. Сынып жетекшілері
2.	«Құқықбұзушылық қайдан шығады?»	Баяндама	14.09	Психолог
3.	Суицидтің алдын алу. Кәмелетке толмағандардың үйден кетуі	Түсіндірме жұмыстарын жүргізу	15.09	Психолог Әлеуметтік ұстаз
4	«Құқықбұзушылық және заңдық жауапкершілік»	Сынып сағаты	16.09	Сынып жетекшілері
5	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қоқан-лоқы көрсету, әлімжеттік жасау	Дөңгелек үстел, тренинг, семинар, лекция	17.09	Әлеуметтік ұстаз. Психолог. Сынып жетекшілері

Мектебімізде қыркүйектің 13 жұлдызынан бастап «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс – шаралар акциясы өз жұмысын бастады. Алдымен жұмыс жоспары құрылды.

Акцияның мақсаты: Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және бопсалауды болдырмау, нашақорлық және жаман әдеттерден аулақ болуға баулу.

Осыған орай қыркүйектің 13 күні 4-8-сынып оқушыларынан құқықбұзушылықтың алдын алу және бопсалауды болдырмау, нашақорлық және жаман әдеттерден аулақ болуын қадағалап анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Бірлік негізгі мектебінде 4-8- сынып аралығында 11 оқушы, яғни 100 % қатысты. Сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей мектепте бопсалау және құқықбұзушылық әрекеттері анықталған жоқ.



14-қыркүйек күні 5-8 -сынып оқушыларына «Құқықбұзушылық қайдан шығады?» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндаманың басты мақсаты: бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

15-ші қыркүйек психолог Жатаева Г.Е. оқушылармен «Суицидтің алдын алу. Кәмелетке толмағандардың үйден кетуі» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектебіміздің әлеуметтік-психологиялық қызметі түнгі рейдтерге шығып, бос және заңды тұлғалардың қарауынсыз жүрген балаларды анықтаған жоқ.

16-қыркүйек "Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік" тақырыбында 5-6-сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға қылмыс ұғымын және түрлерін, қылмыс жасаған жағдайда азаматтарға берілетін жазалар туралы, құқықтың барлық салаларын құрметтей отырып, заң алдында барлық азаматтардың теңдігі, ешкімнің ар – намысына тимеуге және балағаттауға, бөтеннің мүлкіне қол сұқпауға, сонымен бірге оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алуға, құқық бұзғаны үшін кінәлі азаматтардың заң бойынша жауапқа тартылатындығы туралы түсіндіру.

Күтілетін нәтиже: Құқық бұзушылықтың алдын ала біле алатын азамат қалыптасады.



Сынып сағаты алған қойған мақсатына жетті, оқушылар құқық бұзушылықтың не екенін? Оған деген заңдық жауапкершіліктің бар екенін түсініп, білді.

17-ші қыркүйек күні Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қоқан-лоқы көрсету, әлімжеттік жасау, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу мақсатында дәріс оқылды.



17- қыркүйек күні «Балалардың электр жарақаттары және олардың алдын алу» бойынша барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: Оқушыларға электр тоғын, электр құрылғыларын дұрыс пайдалануды үйрету.

Бастауыш сынып оқушыларына «электр қуаты», «электр тоғы», электр тоғы арқылы жұмыс істейтін заттарды дұрыс қолдану туралы түсінік беріліп, электр қуатын пайдалануда сақтық ережелерінің негізі қалыптастырылды. Сондай-ақ найзағайдың пайда болу себептері түсіндірілді. Қауіп төнген кезде өздерін қалай қорғай білу керектігі жайлы ескертулер айтылды. Оқушылар осы тақырып аясында сурет салды.



5-8-сынып оқушыларына электр жарақаттарының себептері туралы айтылды. Үйдегі розеткаларға үшкір сымдарды тығуға, кез келген үзіліп қалған тоқтың сымына жоламауға, істен шыққан техникаларды өздігінен істемеуге, электр тоқ көздеріне жоламау керектігі ескертілді. Осыған байланысты видеоролик көрсетілді.



Оқушыларға электр тоғымен жарақаттанудың алдын алу үшін төмендегі ережелерді білу керек екендігі ескертілді:

- * электр сымдары өтетін үй-жайлардың шатырына, электр сымдары тартылған бағаналарға шықпау;
- * электр бағаналары тартылған бағаналардың астына отыруға, дем алуға, аялдауға;
- *көшеде жанып тұрған электр шамдарын қиратуға және тіректердегі ажыратқыштарды сындыруға ;
- * электр сымдарына бір нәрсе іліп қоюға, лақтыруға болмайды.

«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де 9-20 қазан аралығында «ҚАТЫГЕЗДІКСІЗ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» АҚПАРАТТЫҚ НАУҚАН бойынша жүргізілген жұмыстар есебі

«Бірлік негізгі мектебі» КММ -де 9-20 қазан аралығында «ҚАТЫГЕЗДІКСІЗ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» АҚПАРАТТЫҚ НАУҚАН жұмысын бастады.

Науқанның мақсаты : Балаларға қатыгездікпен және немқұрайлылықпен қарау проблемасына қоғамның назарын аудару және қоғамда балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын сенімдерді қалыптастыру.

Алдымен ауданнан келген жоспарға сүйене отырып мектептің жұмыс жоспары құрылды. Одан әрі жоспарға сай іс-шаралар өткізіліп отырды.

Қарашаның 11 күні «Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» әлеуметтік желісі арқылы оқушылардың ата-аналарына ақпарат, суреттер жіберілді.

12 қараша күні қолжетімділікті қамтамасыз ету және зорлық-зомбылық жағдайында көмек көрсетудің тиімділігін арттыру және баланы қорғау бойынша отбасыларға рейд жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, бойларындағы адами қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті болуға тәрбиелеу.

13 қараша күні жауапты ата-ананы насихаттау ата-аналар үшін жалпыға бірдей құқықтық оқытуды ұйымдастыру барысында барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, баламен дұрыс тіл табысып, қысым түсірмей, зорлық-зомбылықсыз қарым-қарым қатынас орнатуға бағыт беру.

15 қараша «Қатыгездікпен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында суреттер көрмесі өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру.

17 қараша зорлық-зомбылық және қатыгездік мәселелерін талқылау барысында сайыс сабақ өткізілді. Мақсаты: Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту.

18 қараша күні информатика пәнінің мұғалімі Кабдулқалыков Ж.М. «Қауіпсіз интернет нысандары және оқушылар үшін қауіпсіз интернет әдістері» тақырыбында пікірталас өткізді. Мақсаты: Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру.

19 қараша күні 5-6- сынып оқушыларымен арасында «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін қасиеті екенін айту. Адамның иең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын тқорғау туралы үйрету

25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» халықаралық акциясына орай жоспар жасалып, сол жоспарға сай төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

Жоспарға сай қарашаның 25-ші жұлдызы күні мектеп психологы Г.Е. Жатаева ««Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг өткізді.

Тренинг мақсаты: Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, мектептегі күш көрсетудің алдын алу.



4-6- сынып оқушыларымен «Хабарласыңыз! Көмектесеміз!» айдарымен ашық әңгіме жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту.



«Қоғамдағы, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылық және бейбітшілік қағидаттары» тақырыбында ата-ана, оқушы және мұғалімдер арасында пікірталас өткізілді.

«Біз салауатты келешек үшін» атты оқушылар арасында флешмоб ұйымдастырылды.

Мақсаты : Салауатты өмір салтын сақтау , оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінігін нығайту. Денсаулықтың негізі қимыл,спорт,дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру.



9-ы күні «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» атты сурет көрмесі өтті.

Мақсаты:Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айтып,түсіндіру.



04.12.2021-08.12.2021 аралығында “Вейп - денсаулыққа өте қауіпті” атты апталық өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды Вейпті (электронды темекі) пайдалану кезінде денсаулыққа кері әсерін тигізетіні туралы ақпарат беру;

-Өнімнің зияны туралы нақты сенім қалыптастыру.

Апталық барысында төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

«Электрондық темекінің адам денсаулығына зиянды тұстары» туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді



Электронды темекінің адам денсаулығына зиянды тұстары

Электронды темекі легенбі? – ішіне сұйық ертіпай құйылып, ауыстырылатын жартылай бар және никотин жеткізетін электрондық жүйеге (ЕЖЭЖ) жататын құрал болмай табылмай. Оның бұны адам денсаулығына зиянды химиялық заттар бар. Олар: формальдегид, ацетальдегид, көміртек қоспалары, ауыр металдар (кадмий, мыс, хром, никель және т.б.).

Электронды темекі не үшін қауіпті?

1. Электронды шашымын құрамындағы никотин тез сіңіп, 8 секундтың ішінде миға тарайды;
2. Никотин қантамаларының тарылуына ықпал ететіндіктен, барлық ағзаларды қанмен қамтамасыз ету нашарлап, бірінші кезекте жүрек-қан тамыр ауруларының (инсульт, инфаркт) дамуына әкеліп соғады;
3. Жүсті ойындар ағзасындағы никотин түсік тасту мен ерте босану қауіпін арттырып, ұрыққа ауа жетіспеуіне әкеп соғады;
4. Никотин жасушаларының өлгенін уақырды және келесі ұрпақтарда бұл өзгерістер көбейте береді;
5. Электронды темекінің құрамындағы химиялық заттар қауіпті ісік ауруына шалдықтырады мүмкін;
6. Электронды темекінің түтінде ұзын заттар болғандықтан, адамдарға әсіресе балаларға қауіпті;
7. Электронды темекінің шектендігі психологиялық тәуелділіктің даму қауіпін басқа темекі өнімдерін тұтынығандан бірауы.

«Вейп – денсаулыққа өте қауіпті» тақырыбында лекция оқылып, бейнероликтер көрсетілді.

Мақсаты: Оқушылардың зиянды заттарды қолдануға деген теріс көзқарастарын қалыптастыра отырып, темекінің ағзаға тигізетін әсері және одан туындайтын ауру түрлерін білуге тәрбиелеу.



«Ұлт болашағы-ұрпақ болашағы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.



Желтоқсанның 9-ы күні 2 – 8-сынып оқушыларымен дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.К.Шукенов «Шылым шегу-кешегі күн! Бүгінгі күн денсаулық!» спорттық ойындарын ұйымдастырды.

Мақсаты: Балаларға салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру.

«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу профилактикалық іс-шаралары бойынша қазан айында жүргізілген жұмыстар есебі

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау және жеке тұлғаның жыныстық қол сұғылмаушылығының алдын-алу бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында апта сайын жоспарға сай әлеуметтік ұстаз бен сынып жетекшілері оқушылармен түрлі әңгімелер өткізді. Кәмелетке жасы толмағандар арасында тәртіп бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау және болдырмау бағытында мектебімізде жергілікті жердің полиция қызметкері Байсеитов Р.Ғ. «Кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыстың алдын алу» және «Жеке тұлғаның жыныстық қол сұғылмаушылығының алдын-алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

2. «Суицидтің алдын алу. Кәмелетке толмағандардың үйден кетуі» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Суицидтің алдын алу үшін ата-аналар чаттарына түрлі ақпараттық буклеттер таратылды.

3. Кәмелетке жасы толмағандардың уақытын бос өткізбеу үшін мектепте қазақша күрес, тоғызқұмалақ секциялары ұйымдастырылған.

4. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, қоқан-лоқы көрсету, әлімжеттік жасау, қорқытып ақша алушылық, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу мақсатында дәріс оқылды.

https://www.instagram.com/p/CVeulcBteE-/?utm_medium=copy_link

«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу профилактикалық іс-шаралары бойынша қараша айында жүргізілген жұмыстар есебі

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау және жеке тұлғаның жыныстық қол сұғылмаушылығының алдын-алу бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында апта сайын жоспарға сай әлеуметтік ұстаз бен сынып жетекшілері оқушылармен түрлі әңгімелер өткізді. Кәмелетке жасы толмағандар арасында тәртіп бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау және болдырмау бағытында әлеуметтік ұстаз бастауыш сынып оқушыларымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Бүгінгі күні қоғамның алдында тұрған басты

міндеттердің бірі- балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Сондай- ақ бастауыш сынып оқушыларымен «Құқықбұзушылық және заңды жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға қылмыс ұғымын және түрлерін, қылмыс жасаған жағдайда азаматтарға берілетін жазалар туралы, құқықтың барлық салаларын құрметтей отырып, заң алдында барлық азаматтардың теңдігі, ешкімнің ар-намысына тимеуге және балағаттауға, бөтеннің мүлкіне қол сұқпауға, сонымен бірге оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алуға, құқық бұзғаны үшін кінәлі азаматтардың заң бойынша жауапқа таратылатындығы туралы түсіндіру.

<https://www.facebook.com/107705038038106/posts/281123107362964/>

2. «Өз—өзіне қол жұмсауың алдын алу. Кәмелетке толмағандардың үйден кетуі» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. «Өз —өзіне қол жұмсаудың алдын алу барысында орта буын оқушыларынан «Филлипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға» арналған тесті алынды. Мақсаты: Кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін анықтау.

<https://www.facebook.com/107705038038106/posts/281115497363725/>

3.Кәмелетке жасы толмағандардың уақытын бос өткізбеу үшін мектепте қазақша күрес, бокс секциялары ұйымдастырылған.

<https://www.facebook.com/107705038038106/posts/281123664029575/>

4. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, қоқан-лоқы көрсету, әлімжетік жасау, қорқытып ақша алушылық, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу мақсатында «Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тақырыбында бейнебаян көрсетілді. Мақсаты: Оқушылардың ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорларын молайту. Конституцияны, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету. Адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/107705038038106/posts/281112290697379/>

7-8-сынып оқушыларымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың білімдерін тексере отырып, жауапкершілікті арттыру, алдына мақсат қоя білуге баулу

<https://www.facebook.com/107705038038106/posts/281112674030674/>

Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланды.

«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу және жыныстық қолсұғылмаушылықты ескерту бойынша желтоқсан айында жүргізілген жұмыстар есебі

1.1. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Балалық шақ әлемі - Конвенциямен» тақырыбында сауалнама алынып, сараптама жасалды.

https://www.instagram.com/birlik_negizgi_mektebi/p/CX3PqoFtjz-/?utm_medium=copy_link

Құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбында дөңгелек үстел өтті

https://www.instagram.com/p/CX3SmU8NOC1/?utm_medium=copy_link

1.3 Учаскелік полиция қызметкері Р.С.Байсеитов «Суицидтің алдын алу. Кәмелетке толмағандардың үйден кетуі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/birlik_negizgi_mektebi/p/CX3THBFNkYJ/?utm_medium=copy_link

1.4. Кәмелетке толмағандарды жазғы, қысқы уақыттарда тегін спорт секцияларына тарту үшін мектебімізде Қазақша күрес және Бокс секциялары жұмыс жасайды . Мектебімізден 6-сынып оқушысы Жұмашкен Жанарыс Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған бокстан облыстық жарысқа қатысып, 3 орын иеленді.

https://www.instagram.com/birlik_negizgi_mektebi/p/CXjj0UGNMxB/?utm_medium=copy_link

2.4. Мектеп бойынша құқық қорғау орындарында есепте тұрған кәмелетке жасы толмаған бала жоқ.

4.1. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қоқан-лоқы көрсету, әлімжетікті болдырмауды түсіндіру мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында баяндама оқылды.

https://www.instagram.com/birlik_negizgi_mektebi/p/CX3QVFuNIYt/?utm_medium=copy_link

Жыныстық қолсұғылмаушылықты ескерту мақсатында 5-8-сынып оқушыларымен әңгіме жүргізіліп, сауалнама алынды.

https://www.instagram.com/p/CX3RqjztL6R/?utm_medium=copy_link

«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу және жыныстық қолсұғылмаушылықты ескерту бойынша қаңтар айында жүргізілген жұмыстар есебі

1.1.Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылармен **«Менің құқығым»** атты пікір сайыс сабағы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру;

- Ой-өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету;

-Оқушылардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру.



1.2. Бастауыш сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылық және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру.



1.3. «Құқық бұзушылықтың себептері, мазмұны және түрлері» тақырыбында дәріс оқылды. Мақсаты: Құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, ұлжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.



1.4. «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын түсіндіру, өз ойын жеткізуге үйрету. Құқық бұзушылықты болдырмау жолдарын үйренеді.



«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу және жыныстық қолсұғылмаушылықты ескерту бойынша ақпан айында жүргізілген жұмыстар есебі

1.1. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында бастауыш сынып оқушылармен «**Әлімжеттікке жол жоқ**» атты сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі- бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігін түсіндіру.

https://www.instagram.com/p/CaUUD-Vtjsj/?utm_medium=copy_link

1.2. 5-6-сынып оқушыларымен «Құқықбұзушылық» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу. Оқушылардың өз құқықтарын қорғай білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CaRp6Z9tfpo/?utm_medium=copy_link

1.3. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 7-8-сынып оқушыларымен «Мектептегі жыныстық тәрбие» атты сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Жасөспірімдердің салауатты өмір салтына, отбасының амандығы мен бақытына деген құнды қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал ету.

https://www.instagram.com/p/CaUWwj9N-5X/?utm_medium=copy_link

«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу және жыныстық қолсұғылмаушылықты ескерту бойынша наурыз айында жүргізілген жұмыстар есебі

1.1.Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушыларға "Құқық" тақырыбында баяндама оқылды.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/CbgqZY-q5W5/?utm_medium=copy_link

"Құқықбұзушылық" тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті.

Мақсаты:Оқушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту. Ұйымшылдықпен тәртіптіліктің тиімді жолдарын үйрету, жауапкершілікті арттыру.Сондай-ақ ойлау,тыңдау,өз ойлаырн еркін жеткізе алу мәдениетін дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

https://www.instagram.com/p/Cbgb7C-KFwy/?utm_medium=copy_link

1.2.Жыныстық қолсұғылмаушылықты ескерту мақсатында 5-8-сынып оқушыларымен "Бүгінгі қыз - ертеңгі ана" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: қыз балаларды тәрбиелеуде үлкен мән, үлкен жауапкершілік бар екенін ұғындыра отырып, тән сұлулығының тамыры- тазалықта, тәртіпте екенін білу.

https://www.instagram.com/p/CbgbpSQqzoz/?utm_medium=copy_link

1.3.Мектеп бойынша құқық қорғау орындарында есепте тұрған кәмелетке жасы толмаған бала жоқ.

«Бірлік негізгі мектебі» КММ-де құқықбұзушылықтың алдын алу және жыныстық қолсұғылмаушылықты ескерту бойынша сәуір айында жүргізілген жұмыстар есебі

1.1.Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында бастауыш сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға қылмыс ұғымын және түрлерін, қылмыс жасаған жағдайда азаматтарға берілетін жазалар туралы, құқықтың барлық салаларын құрметтей отырып, заң алдында барлық азаматтардың теңдігі, ешкімнің арнамысына тимеуге және балағаттауға, бөтеннің мүлкіне қол сұқпауға, сонымен бірге оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алуға, құқық бұзғаны үшін кінәлі азаматтардың заң бойынша жауапқа тартылатындығы туралы түсіндіру.

<https://www.instagram.com/p/Cc163q1NBNz/?igshid=YmMyMTA2M2Y>

5-6-сынып оқушылармен «Құқық бұзушылық және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты өтті.
Мақсаты: Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру.

https://www.instagram.com/p/Cc2bII9N_Z1/?igshid=YmMyMTA2M2Y

7-8-сынып оқушыларымен «Құқық дегеніміз не?» тақырыбында сауалнама алынды.

Мақсаты: Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын -алу , кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық өсуіне жол бермеу.

<https://www.instagram.com/p/Cc1596ttQ3I/?igshid=YmMyMTA2M2Y>

1.3.Мектеп бойынша құқық қорғау орындарында есепте тұрған кәмелетке жасы толмаған бала жоқ.

2021-2022 тәрбие жағынан өткізілген іс шаралар есебі

1- қыркүйек - Білім күні.



Мектебімізде 1-сынып оқушыларына арналған "Кел, балалар, оқылық" тақырыбында іс-шара өткізілді. 2-8 сынып аралығында "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

06.09.2021

Тілдерді қорғау күніне орай мектебімізде "Үш тұғырлы тіл" тақырыбында апталықтың ашылу салтанаты өткізілді.



09.09.2021

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай мектеп кітапханасында "Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз" атты тақырыбында көрме ұйымдастырылды.



Мақсаты: Тілдік мәдениет пен жалпы адамзаттың рухани құндылықтар қағидаларына негізделген қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықты және өзара түсінікті нығайту.

13-18.09.21ж. "Бірлік негізгі мектебі" КММ-нде жол-көліктік жарақаттанудың алдын алу іс- шарасы өткізілді. Оқушылар арасында «Жол жүру ережесі» сюжеттік рөлдік ойынын жүргізіліп, жолдағы қауіп – қатерден қорғану шаралары көрсетілді.



Мақсаты. Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыдарын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.

01-09.10.21

Ұстаздар күніне орай сынып сағаты өткізіледі.



01-07.11.2021

Күзгі каникул кезінде оқушылардың күндізгі бос уақытын ұйымдастыру барысында «Күз бояулары» тақырыбында сурет, сәнді қолданбалы қолөнер көрмесі өтізілді.



Тәуелсіздік күніне орай оқушыларға «Жаңғыру жолы» деректі фильмі көрсетілді.

Мақсаты: Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғыру.



Мектебімізде «Жас Ұлан», «Жас Қыран» бірыңғай жасөспірімдер қатарына қабылдау рәсімі өткізілді.



«Жас Ұлан», «Жас Қыран» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұғым. 2021 жылдың 29 желтоқсанында 1-8 сыныптар арасында жаңа жылдық мереке өткізілді. Оқушылар жаңа жылдық нөмерлерін көрсетті.



16.02.2022

«Жолда жүру ережесі» тақырыбында мектеп оқушыларына түсіндерме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың жолда жүру ереесі, жол белгілерінің т.рлері жайында білімдерін толықтыру.



01.03.2022. «Алғыс айту күні» қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірлігіміздің, мәдени саналуандығымыздың жарқын күні. Алғыс айту күніне орай бастауыш сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.



05.03.2022. 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік іс-шара өткізілді.



18.03.2022

Мектебімізде «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өткізілді.



09-12.04.2022. Мектебімізде 5-6 оқушыларымен «Ғарыш әлемі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға ғарышкерлер мейрамы туралы түсінік беру. Қазақтың ғарышыкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтың ерекшеліктерін ардақтап, құрметтей білуге тәрбиелеу.



28.02-01.03.2022. Мектебімізде Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлік сабағы» өтті. Мақсаты: еліміздегі халықтар достастығын нығайту, бейбіт, тыныштықта өмір сүруге баулу



02-07.05.2022. Мектебімізде 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай эстафеталық ойындар өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір сүре білуге шақыру салауатты өмір салтын қалыптастыру. Эстафеталық ойынға қызығушылығын арттыру.



Мектебімізде 9-мамыр Жеңіс күніне орай сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: «Ешкім де, ештеңе де ұмтылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу.



25.05.2022. Мектебімізде «Сыңғырла, соңғы қонырау» атты мерекелік іс-шара өткізілді.



01.06.2022. Мектебімізде айтулы мереке 1-маусым «Балаларды қорғау» күніне орай мерекелік іс-шара өткізілді.




2. Кадрлық құрам

Мектепте 10 педагог жұмыс істейді. Педагогикалық персонал жұмысқа өздерінің жеке өтініштері негізінде қабылданады, одан әрі еңбек шарттарын жасайды. Кадрларды іріктеу мен орналастыруды мектеп директоры жалпы орта білім беру ұйымы қызметкерлерінің үлгі штатына сәйкес жүзеге асырады. Мұғалімдерді жұмысқа қабылдау кезінде жаңа идеяларды іздеумен ерекшеленетін, оқытуда жеке көзқарасты қамтамасыз ететін, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын дамыту үшін арнайы жұмыс әдістерін қолданатын, балалармен сенім мен құрметпен қарым-қатынас орнататын шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерге іріктелініп қабылданады.


Санаттар бойынша мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы

Біліктілік санаты	2019-2020 о.ж.		2020-2021 о.ж.		2021-2022 о.ж.	
		%		%		%
Бірінші	3	27,3	3	30	2	20
Екінші	0	0	0	0	0	0
педагог-шебер	0	0	0	0	0	0
педагог-зерттеуші	2	18,2	2	20	2	20
педагог-сарапшы	1	9,1	1	10	1	10
педагог-модератор	1	9,1	1	10	1	10
санаты жоқ	4	36,3	3	30	4	40
Барлығы	11	100	10	100	10	100



Педагогикалық өтілі бойынша мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы

